

Жобаның атауы, ЖТН	AP09259029 – XVIII ғ. – XX ғ. 30-жж. Ұлы даланың тарихи тұлғалары (Батыс Қазақстан материалдары негізінде)
Іске асыру мерзімі	01.03.2021-31.12.2023
Жобаның жетекшісі	Избасарова Гүлбану Болатовна – т.ғ.д., профессор
Реферат	<p>Ұсынылып отырған ғылыми-зерттеу жұмысы «Туған жер» және «Архив – 2025» жобаларын қамтиды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Қазақстан тарихы ... қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс», ал «Архив – 2025» бағдарламасында «бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ...» деп көрсетеді. Кеңестік кезеңнің тарихнамасында қалыптасқан хан билігі мен сұлтандар-билеушілер институтына деген теріс көзқарасты қайта қарауды, ескі ұғымдар мен тәсілдерді қайта қарауды талап етеді. Жоба империялық және кеңестік Қазақстанның алғашқы кезеңінің тарихындағы кемшіліктерді толтырады, «Архив – 2025» бағдарламасын жүзеге асырудың бір бөлігі болып табылады. Зерттеу қазақ хандарының, сұлтандарының, батырлардың, билердің, кеңестік кезеңдегі қазақ зиялыларының саяси бейнелері қайта қалпына келтірілуіне байланысты үлкен қызығушылық тудырады. Архив деректерін, соның ішінде шенеуніктердің жеке істері мен формулярлық тізімін пайдалану қазақ шенеуніктерінің есімдері мен биографиялық мәліметтерін қалпына келтіруге жол ашады, қазақ шыңғыс тұқымдары шежіресін нақтылауға мүмкіндік береді, отбасылық жағдайы, білімі және қызметі туралы мағлұматты толықтырады.</p>
Мақсаты	Түрлі тарихи деректер негізінде Ресей империясының және Кеңес үкіметінің Қазақстанның батыс аймағындағы саясатын, ондағы тұлға факторын, XIX ғ. соңғы кезеңіндегі жаңа билікке араласқан қазақ зиялыларының, «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің қызметін зерттеу.
Күтілетін нәтижелер	Тарихи тұлғалардың есімдерін жаңғырту, кітап-альбомның қолжазбасын дайындау секілді жобаның ғылыми нәтижелері биографиялық тарихты кеңінен таралуына мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде өлкетану музейлерін биографиялық сипаттағы мәліметпен толықтыруға мүмкіндік береді. Жоба қорытындысы ретінде «XVIII ғ. – XX ғ. 30-жж. Ұлы даланың тарихи тұлғалары (Батыс Қазақстан материалдары негізінде)» кітап-альбомының қолжазбасы дайындалады, сондай-ақ ғылыми нәтижелер конференцияда апробацияланады.
Зерттеу тобы	<p><i>Жетекші:</i> Избасарова Гүлбану Болатовна, Хирш индексі h=1 (Author ID в Scopus – 57190956363; ORCID - 0000-0002-4123-7501). https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57190956363</p> <p>Бекназаров Рахым Агибаевич – т.ғ.д., доцент (Author ID в</p>

	<p>Scopus – 57211600750; ORCID - 0000-0002-1033-9660). https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57211600750</p> <p>Смағұлова Светлана Одеповна, т.ғ.д., доцент (ORCID - 0000-0002-4256-8783).</p> <p>Медеубаев Ерлан Ислямович – т.ғ.к., (Author ID в Scopus – 57190954109, ORCID - 0000-0002-9221-3956) https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57190954109&eid=2-s2.0-84984697738</p> <p>Маден Асылбек Төреханұлы, т.ғ.к., (Author ID в Scopus – 57212250943, ORCID - 0000-0003-4498-8105) https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57212250943</p> <p>Шалманова Алия Бакитжановна (ORCID - 0000-0002-0703-3740).</p> <p>Мамбетова Гүлдана Абайқызы – докторант, (ORCID 0000-0002-2075-4331)</p>
<p>Ғылыми басылымдардағы жарияланымдары</p>	<p>1.Смағұлова С.О. Избасарова Г.Б.. Мерзімді баспасөздегі Сталиндік қуғын-сүргін (XX ғ. 20-30 жж. мерзімді баспасөз материалдар негізінде) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы.Б.79-90</p> <p>2.Бекназаров Р.А., Нұрланқызы Г. Ақтөбе қаласының тарихына тарихнамалық шолу // Вестник КазНУ. Серия историческая. №2 (101).2021. С.150-159</p>
<p>Конференцияларға қатысу</p>	<p>1.Республикалық конференция «Қазақстандағы ашаршылық пен қуғын-сүргін: тарихы мен тағылымы» (Ақтобе, 27.05.2021)</p> <p>2.Халықаралық дөңгелек үстел «Внешнеполитические функции степной знати казахов Младшего жуза: проблемы изучения» (Алматы, 29 қазан 2021 ж.).</p>